

Көсембай негізгі мектебі

Қалиева Бұлбұл Сенбайқызы

Тақырыбы: «Сәкен –жырдың сарқылмас дариясы»

(ақынның 130 жылдығына көркем сөз оқу сайысы)

Өткізілетін мерзімі:ақпан

Уақыты:16-00

Өтілетін орны:Химия кабинеті

Мақсаты:

1. Оқушыларды ақынның өмірімен таныстыру.
2. Өлеңдерін жатқа айтқыза отырып, оқушының сөздік қорын байыту, сөйлеу дағдысын дамыту.
3. Халық қамын ойлайтын, ұлтжанды, елін, отанын сүйетін азамат болып өсуіне тәрбиелеу.

Ұйымдастыру бөлімі:

Сәкен Сейфуллин –жан –жақты дарын иесі.Одан қалған мұра сан –салалы. Соның ішінде, әсіресе, Сәкеннің ақындығы айрықша шоқтығы биік тұрады.

Сәкен Сейфуллин – азан шақырып қойған есімі Сәдуақас.Қазақтың көрнекті ақыны, жазушы, мемлекет және қоғам қайраткері. Сәкен Сейфуллин өзінің халқына, оның туған әдебиетіне толымды еңбек етті.25 жылдық шығармашылық қызметінің өзінде, жүздеген өлең, оннан астам поэма, романдар мен повестер, әңгімелер мен пьесалар, очерктер мен мақалалар, ғылыми зерттеулер жазды.

Сәкен Сейфуллин өзі сұлу табиғатын талай рет тебірене жырлаған өлкеде — Ақмола уезі, Нілді болысының Бірінші ауылында (қазіргі Қарағанды облысының Жаңаарқа ауданы) 1894 жылы 15 қазанда орташа ауқатты кісінің отбасында дүниеге келеді. Әкесі Сейфолла серілігі бар домбырашы, саятшы, сөзге шешен кісі екен де, шешесі Жамал әңгіме, аңыз - ертекті көп білетін әрі нәшіне келтіріп айтатын салиқалы ана болыпты.

Сәкен әке мінезін, өнерін бойға жұқтырып, ана әңгімелерін жалықпай тыңдап, зердесіне түйіп өседі. Айналасына абайшыл, қылтың-сылтыңы жоқ біртоға бала болады, Ұғымтал Сәкен ауыл молдасынан оңай хат танып, қолына түскен ескілі - жаңалы кітаптарды бас алмай оқиды. Әкесі тоғыз жасар Сәкенді тіл үйренсін деп Нілдідегі таныс орысының үйіне тұрғызады. Сәкен әлгі үйдің таусылмайтын қара жұмысын тиянақты атқара жүріп, кемпірінен бір жыл орыс тілін үйренеді.

Сәкен қазақ жастарын оқыту ісіне үлкен үлес қосты. Уезде ауыл шаруашылық мектебі, Екі техникалық мектеп, 1, 2 сатылы мектептер, мектеп шеберханалары ашылды, орталық уездік кітапхана, жұмысшы-шаруа клубы ашылды.

Ол қазақ даласының ортасында, атап айтқанда Ақмолада қазақтың үлгілі қаласын салу және болашаққа ұмтылған қазақ жастарын шоғырландыру бойынша орасан зор жобалар салады.

28 жасында Сәкен Сейфуллин Кеңестің III съездінде Кеңестің халық комиссариатының төрағасы болып тағайындалды. КХК төрағасының лауазымы қазіргі уақытта Қазақстан Республикасының Премьер-министрдің лауазымымен бір қатарға қоюға болады. Бұл мансапта Сәкен Сейфуллин қазақтарға тарихи атын қайтару мен қазақ тілін мемлекеттік тіл болып жариялау үшін күрескен.

Қоғамдық-саяси зор жұмыстарымен әдеби шығармашылығын қанаттаса жүргізе отырып, Сәкен Сейфуллин жиырмасыншы жылдардың өзінде көрнекті ақын болып қалыптасы. Ең алғаш «Өткен күндер» атты өлеңдер жинағы, Қазан қаласында басылып шықты. 1922 жылы «Асау тұлпар» атты өлеңдер жинағы, «Бақыт жолына», «Қызыл сұңқарлар» деген пьесалары жеке-жеке кітап болып басылады. (1928), «Еңбек-шарт — жалшылар қорғаны» (1928), «Көкшетау» (1929), «Альбатрос» (1932), «Қызыл ат» (1935), «Социалистан» (1935) атты өлең-поэмалары жарық көрді. Осы тақырыптағы ақынның үлкен табысы — «Көкшетау» поэмасы. Халық аңыздарына сүйеніп, елдің батырлық эпикасын, қазақ жерінің көркем табиғатын суреттейтін кең тынысты шығарма.

Арқаның кербез сұлу Көкшетауы,
Дамылсыз сұлу бетін жуған жауын.
Жан - жақтан ертелі - кеш бұлттар келіп,
Жүреді біліп - кетіп есен – сауын.
Сексен көл Көкшетаудың саясында,
Әрқайсы алтын кесе аясында.
Ауасы дертке дауа, жұпар иісті
Көкірек қанша жұтса, тоясың ба?

Проза жанрында Сәкен Сейфуллин «Тар жол тайғақ кешу» (1927) атты мемуарлық романың «Айша» (1922), «Жер қазғандар» (1928), «Жемістер» (1935) атты повестер мен көптеген әңгімелер жариялады. Жазушы көркем әдебиетті дамытуда сіңірген еңбектері үшін Еңбек Қызыл Ту орденімен марапатталды.

Ақын 1938 жылы 25 ақпанда 44 жасында Алматы түрмесінде, кеше өзі орнатысқан өкіметтің қолынан атылды.

Бейне материал Сәкен Сейфуллин өмірі мен шығармашылығы туралы.

Сайысымызды бастамас бұрын қатысушыларымызға төрелік етіп, білімдерін бағалап, әділ бағасын беретін қазылар алқасымен танысып кетейік.

1. Тәрбие ісінің меңгерушісі: Шутенова Луанара
2. Тәлімгер: Тәждәуов Серік

- 2-сынып оқушылары «Қарлы аяз», «Жаңа жыл» өлеңдері.
- 3-сынып оқушылары «Нұра», «Күрең атқа» өлеңдері
- 4 –сынып оқушылары «Орман», «Жыл басы –Қарлығаш»

5 сынып оқушылары

6-сынып оқушылары «Туған жер», «Толқын»

7-сынып оқушылары «Қамаудан», «Нұра»

8-сынып оқушылары «Аш қазақ», «Түс»

«Сұрақ меннен, жауап сізден»

- 1) Сәкен Сейфуллин қай жылы, қай жерде өмірге келді? (1894 жылы Ақмола облысына қарасты Нілді болысында)
- 2) Сәкен Сейфуллинның әкесінің аты кім? (Сейфолла)
- 3) Сәкен Сейфуллиннің анасының аты кім? (Жамал)
- 4) Сәкен Сейфуллиннің ең алғашқы жинағы қалай аталады? (Өткен күндер)
- 5) Алғашқы жинағы қай қалада басылып шықты? (Қазан)
- 6) Сәкеннің шын есімі? (Сәдуақас)
- 7) Неше жасында ең алғашқы кітабы жарық көрді? (20)
- 8) Ақынның әйгілі поэмасы. (Көкшетау)
- 9) Сәкен Сейфуллин неше жасында Қазақстан үкіметінің басшысы, Бүкілодақтық Атқару Комитетінің мүшесі болды? (28)
- 10) Ақын неше жасында қайтыс болды? (44 жасында)

Адамға тән алты қасиет.

Ұғымыңды ойлы ететін зерде-зейінің;

Сені өрге сүйрейтін өнер-өрісің;

Тез ілгері бастайтын – талабың;

Еш қашан алдамайтын – тапқырлығың;

Қиындықта сыналатын – қайратың;

Бәрінен күшті ететін – ақылың мен білімің; - демекші, ақынның жырларын мән – мағынасын түсіне отырып, көркемдеп, нақышына келтіріп, оқуда кім озық болды екен?! Ендеше, төрелік жасаған ұстаздарымызға сөз кезегін берейік.

Оқушыларды марапаттау.

Сәкен Сейфуллин теңдікті аңсады. Бай мен кедей арасындағы тартысты, әділетсіздікті жырлады. Болашағымыздың бостандығы үшін күресіп, арттарында өшпестей із қалдырды.

С. Сейфуллин 1920-1924 жылдары Қазақ Автономиясының өркендеп, нығаюы үшін зор үлес қосқан үкімет басшысы;

Ол – Қазақстандағы ағарту ісін ұйымдастырып, дамытуға ерекше күш салған қайраткер;

С. Сейфуллин – қазақ әдебиеттану ғылымына өзіндік үлес қосқан ғалым.

С.Сейфуллин есімімен көптеген ауыл, елді мекендер, театр, мектеп, кітапхана, көшелер аталады. 1985 жылдан Целиноград қаласында (қазіргі Астана қаласы)

С.Сейфуллин мұражайы жұмыс істеді. Мұражай жанында ақынның ескерткіші орналасқан. Жалынды күрескер-патриот, сегіз қырлы, бір сырлы: ақын, жазушы,

драматург, публицист, сыншы, әдебиеттанушы, композитор, педагог, қоғам және мемлекет қайраткері – Сәкен Сейфуллин есімі халық есінде мәңгі сақталады.

Асуы жоқ асулардан асайық,

Ашылмаған тас қақпаны ашайық.

Болмағанды болдырайық дүниеге,

Жаңа тұрмыс жаңа жерге жасайық!-деп ақынның ой мен сезім астасқан жырларын жаттаған жас қауым да ақын өлеңдерін ешқашан естен шығармайды деп сенеміз дей келе, бүгінгі «Сәкен – жырдың сарқылмас дариясы» атты әдеби сайыс кешіміз аяқталды. Көңіл қойып тыңдағандарыңызға рахмет.



Нравится kairat_kaliev_81 и ещё 5
kitaphana_knm Ақын, жазушы, драматург, публицист, әдебиеттанушы, композитор, қоғам қайраткері Сәкен Сейфуллиннің 130 жылдығына орай “Сәкен - жырдың сарқылмас дариясы” атты көркем сөз оқу сайысы өтілді. Мақсаты: оқушыларға ақынның өмірімен таныстыру. Өлеңдерін жатқа айтқыза отырып, оқушының сөздік қорын байыту, сөйлеу дағдысын дамыту. Халық қамын ойлайтын, ұлтжанды, елін, отанын сүйетін азамат болып өсуіне тәрбиелеу. Шара барысында ақынның өлеңдерін жатқа оқып, қосымша ақынның өмірі мен шығармашылығынан сұрақтарға жауап берді. Көркемсөз оқу сайысына қатынасқан оқушылар жүлделі орындармен марапатталды.
Ұйымдастырушы: Қалиева Б.С.
@medetbekovameruert @oqu_agartu_ministrligi
@gani.beisembayev #@aqtoobe_bilim_basqarmasy
#біртутас_тарбие
#біртутас_тербие_актобеоблысы
#оқуғакуштармектепжобасы
#оқуғакуштармектеп #сакенсейфуллин130жыл
@oiyl_bilim_bolimi

28 февраля · Показать перевод

Көркем сөз оқуда қойылатын талаптар:

Көркем сөз оқу шеберлігіне	Дауыс мәнеріне және тіл тазалығына	Сахнада өзін-өзі ұстауы, сахналық мәдениеті, киімі.
2 сынып		
2-сынып		
3-сынып		
3-сынып		
4-сынып		
4-сынып		
5-сынып		
5-сынып		
6-сынып		
6-сынып		
7-сынып		
7-сынып		
8-сынып		
8-сынып		
Сұраққа жауап 1 бонус		